

Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі



2022 жылдың 31-тамызы күнгі
№1 педагогикалық кеңесте қаралды

ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрық негізінде

*2022-2023 оқу жылы бойынша
тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары*

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Шентимирова А.К
Булатбаева Ж.С

Шұбаршы жалпы орта мектебі бойынша
2021-2022 оқу жылындағы
тәрбие жұмысы жоспарының талдауы

Тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуір №145 бұйрығын басшылыққа ала отыра, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы «19» тамыз №252 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы» бұйрығын іске асыру негізінде құрастырылды.

№1 педагогикалық кеңесте қарастырылды. №1 хаттама, 31 тамыз 2021 жыл

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ✓ Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
- ✓ Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
- ✓ Тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- ✓ Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- ✓ Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

- ✓ Білім беру ұйымдарында көп мәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
- ✓ Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-танымдық, адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Мектептің өзекті мәселесі : «Білім беру мазмұнына инновациялық қызметті енгізе отырып, мұғалім шығармашылығын арттыру және сабақ беру сапасын жақсарту»

Тәрбие жұмысының мақсаты: бәсекелестікке қабілетті, азаматтық, ұлттық, тарихи сана-сезімі жоғары, экономикалық ойлау қабілеті дамыған, жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге шығармашылық мүмкіндіктері бар және өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңе алатын Қазақстан Республикасының патриотын тәрбиелеу.

Тәрбие жұмыстарының міндеттері :

- Азаматтық сананы қалыптастыру ;
- Мектеп – оқушы –отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту
- Әрбір жеке тұлғаның жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту
- Табиғат қорғау дағдыларын, алған білімді іс жүзінде қолдана білу қабілетін қалыптастыру
- Құқықтық сауаттылығын сауаттылығын қалыптастыру үшін жағдай жасау
- Оқушылардың Қазақстан Республикасы рәміздеріне сыйластықпен, құрметпен қарауын қамтамасыз ету;
- Діни экстремизмнің алдын алу

Күтілетін нәтиже:

Азаматтық санасы, патриоттық сезімі, қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан, құқықтық сауатты, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлға қалыптасады.

Тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес жоспарланған іс-шараларын жүзеге асыруда мектеп психологі, әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері белсене араласты.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбиебойынша оқушыларға патриоттық сезімді қалыптастыра отырып, дамыту бағытында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жұмыстар жоспарланды. 1 қыркүйек – Білім күніне орай «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбындағы салтанатты жиында бірінші класқа 92 бүлдіршін қабылданды. 2-11 сынып оқушыларына Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында класс сағаттары өткізілді. Жоспарланған іс-шаралар оқушылардың патриоттық сана-сезімін оятуға өздеріне деген сенімділікті арттыру қажеттілігіне негізделіп құрылды.

Темір аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің жоспарына сәйкес жасөспірімдерді отансүйгіштікке баули отыра, жауапкершіліктерін арттыруда «Қобыланды батыр» атындағы әскери - патриоттық клубына 10- класс оқушылары қабылданды.

«Мектеп президентін» сайлауын өткізу кезінде балалар бойында үміткерлер арасынан өз мектебіне жанашыр тұлғаны іздегені «Мектеп президентіне қандай оқушы лайық?» сауалнамасынан айқын көрінді.

«Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстардың» жоспары балалар мен жасөспірімдерді адамгершілік қасиеттеріне баули отыра

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша балаларға бойына ұлттық құндылықтарды дарыту барысында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде жұмыстар ұйымдастырылып, жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. «18-қазан Рухани келісім күніне» арналған апталық өткізілді. Жыл басы-Наурызды қарсы алуда «Көрісу» күнінен бастап тойлауда, дастарханнан дәм таттыру, мектеп дәлізінде этноауылдарды бейнелеу балалар бойына мақтанш сезімдерін туғыза алды. «Қазақтану» бағдарламасы бойынша «Шаңырақ» фойесі жасақталды. «Шаңырақ» фойесінде балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, бойларына сіңіру мақсатындағы жұмыстар ұйымдастырылды. *Балалар бойында ұлттық тәрбиенің негізін қалауда ата-аналармен біріге отырып жұмыстану тиімділігі жоспардан тыс қалдырмау керек.*

Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша отбасы құндылықтарын дәріптеуде аналық, әкелік рольдерді насихаттауда ата-аналармен бірлесе отырып жұмыстануда жақсы нәтиже беретіні «Отбасым-бақыт мекенім» тақырыбында сыныптар арасында апталық жүргізілді, сонымен қатар «Әкеден қамқорлық», «Анадан мейірім» мектептерінің жұмыстары жүргізілді. Бірақ, қамту қиыншылығы да кездеседі. Класс сағаттарында, ата-аналар жиналыстарында баланың жеке ерекшеліктерімен жұмыстану, жақсы қабілеттерін ашық көрсету әр бала тәрбиесіне қатысты мамандардың бірінші міндеті болуы керек. Бала бойында отбасы құндылықтарының қайырымдылық, қамқорлық қасиеттерінен даритынын ескерсек баланы үлкендерге құрмет, кішіге ізет көрсету бағытындағы жұмыстар көбірек ұйымдастырылуы қажет. *Ұлттық тәрбие ерекшеліктерінің басымдықтарына сүйене отырып, отбасы құндылықтарын арттыруда баланың ата-анаға деген құрметін арттыру, ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігін арттыру басты міндет.*

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша балалар мен жасөспірімдердің адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай, өмірді және өзін, өзінің іс-әрекеттерін рухани-адамгершілік нормалары тұрғысынан дұрыс қорғауға қабілетті толық тұлғаны тәрбиелеу барысында атқарылған іс-шараларда ізгі қасиеттермен, қамқорлық, адалдық, жанашырлық қасиеттер негізге алынады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қоғамға қызмет» жобасына «Мектепке жол» акциясының жүзеге асырылуы, қайырымдылық акциялары жүзеге асырылды, рухани құндылықтарды арттыру мақсатында жұмыстар жүргізді. Бүгінгі таңдағы ақпарат легінің шексіздігі, түрлі ақпараттарға қол жеткізудің тиімділігі баланың рухани азықтан алыстауына септігін тигізеді сөзсіз. *Сол себепті баланың бос уақытын тиімді пайдалануда қайырымдылық іс-шараларға тарту мақсатында қарттарға көмектесу, сенбіліктерге қатыстыруға көбірек көңіл бөлінуі тиіс. Балаға үлгі болар үлкендер тарапынан «адамгершілік» қасиеттерді дәріптеу мақсатында жұмыстар ұйымдастыруды жолға қою керек.*

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша балаларды эстетикалық талғамға баулу мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды. Дәстүрлі «Бір аспанның астындамыз» сурет байқауы, «Отбасылық толеранттылық қарым-қатынасты қалыптастыру» тақырыбында сынып сағаттары, «Імамыр-Халықтар достастығы күніне» арналған іс-шаралар өткізілді. *Осы бағытта жұмыстану барысында балаларды әдеби кітап оқуға, поэзия әлеміне баулу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттілігі айқындалды.*

Қоршаған ортаны, өзін-өзі оңтайлы қабылдау, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу бағыты бойынша оқушылардың жауапкершілігін арттыру мақсатында кезекшілік жұмыстарын ұйымдастырылды. Мектеп Президентін сайлау балалардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында, «Бүкіл әлем мен үшін!» апталығында балалардың әлем тұтастығын қабылдауды үйрету мақсатында өткізілді. *Алдағы оқу жылына балалардың өзін-өзіне жауапкершілігін арттыру мақсатында жұмыстар ұйымдастыруды қажет.*

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында оқушыларды еңбекке баулу мақсатында «Күз берекесі» апталығы, балалар бойында еңбекпен тапқан нанның тәттілігін түсіндіру мақсатында «Еңбек етсең ерінбей...» тақырыптарында сынып сағаттары, «Мамандық таңдауға ойландың ба?» тақырыбында сауалнама, 7-11 сыныптар арасында, «Менің ата-анамның мамандығы» тақырыбында бейнероликтер, «Қоқыссыз әлем» класс сағаттары, «Мен тұратын таза көше» сайысы, «Жер – Ананы аялайық!» экофестиваль өткізілді. Сонымен қатар, мамандық таңдау барысында ата-ана ықпалын арттыру мақсатында ата-аналармен бірлескен «Мамандық - жетістік мерейі» конференциясын 8-11 класс оқушылары үлкен дайындықпен өткізді. *Осы бағыт бойынша балаларды еңбекке баулу мақсатында сенбіліктер ұйымдастыру, ағаш отырғызу жұмыстарын жүйелі жүргізуді жоспарлау қажет.*

Оқуға құштар тәрбиесі бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2021-2022 оқу жылында жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды.

Білім күніне байланысты «Мәңгілік ел – ескірмейтін жыр дастан» атты кітап көрмесі жасалып, мектеп жасындағы балалардың кітап оқуға құмарлығын ояту үшін еліміздің үздік классиктерінің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлары, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптарымен таныстырылды. Мұндай жобаларды одан әрмен дамытып, республикалық деңгейде дем беру үшін тек оқушылардың ғана емес, ата-ананың да қызығушылығын арттыру бағытында бірқатар іс-шараларды өткізілді.

Оқу сауаттылығының қалыптасуы негізінен оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асады. Өйткені олардың әртүрлі жанрдағы әдебиетті оқу арқылы кітап оқуға деген қызығушылығы қалыптасады.

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Тұлға боламын» атты кітап оқу сайысы ұйымдастырылды. «Елбасы жолы-елдіктің» вертуалды көрме өткізіліп, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына байланысты 15 қарашадан 15 желтоқсан аралығында «30 жыл-30 кітап» атты кітап бұрышы жасакталып, ұстаздар мен оқушыларды кітап алмасып, кітап оқуға «Bookcrossing» алаңы жасактылды

Балалардың интеллект, шығармашылық қабілеттерін көтеру мақсатында көркем-әдебиетке бағытталған іс-шараларға басымдық таныту қажет.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салтын насихаттау, ұстану бағытындағы жұмыстар кең көлемде атқарылды. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері, зиянды заттардың алдын алу бағыты бойынша жауапты мамандардың бірлесіп жасауымен түрлі спорттық ойындар, денсаулық фестивалі, ұлттық ойындар жоспарлы түрде өтті. Мектеп парламентінің мүшелерінің ұйымдастыруымен волейбол ойыны аймақтық, мектепшілік деңгейде өткізілді. ***Осы бағыт бойынша спортпен шұғылданатын балалар санын арттыру қажет.***

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар: жалпы мектепшілік ата-аналар комитеті жалпы мектепшілік ата-аналар жиналасында сайланды. 2021-2022 оқу жылына жоспарланған іс-шаралар ата-аналар комитетімен бірлесе отырып атқарылды. Жалпы мектепшілік ата-аналар конференциясы ата-аналар комитетімен ұйымдасқан түрде жоғары деңгейде өткізілді. Ата-анамен байланысты нығайтудың тиімді жолы ата-ананы мектептің ішкі тынысына араластыра отырып, бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру. ***Ата-ананың мектепке деген көзқарасын арттыру мақсатында ата-аналарды марапаттау үрдісін жандандыру қажет.***

Қыз бала мен ұл бала тәрбиесі бойынша балалардың жеке қызығушылықтарын назардан тыс қалдырмау қажет. Ата-анамен тиімді байланыс жолдарын қарастырып, үнемі байланыста болу қажет.

Балалар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бағыты бойынша 2021-2022 оқу жылы бойынша оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында ата-аналармен, класс жетекшілермен, мектеп инспекторының қатысуымен бірлесе отырып оқушылар мен жасөспірімдерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Қылмыстың түрлері және жауапкершілік» бағыты бойынша жұмыстарды жандандыру қажет.

2022-2023 оқу жылында мектептің тәрбие бағыты бойынша өзекті мәселесін «Мектептегі тәрбие жұмысының негізгі тірегі ретінде ұлттық тәлім-тәрбиені ала отырып, ұлттық сана-сезімі және рухы қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеуге жағдай жасаудағы шешу жолындағы жоспарланған жұмыстардың маңыздылығын арттыру қажет.

Түсінік Хат

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Ақтөбе облыстық білім басқармасының № 252 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

I. Тәрбиенің нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін талдау

Қазақстан Республикасының Конституциясы

ҚР «Білім туралы» заң түсіндіру жұмыстары

«Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319

ҚР «Тіл туралы» заң түсіндіру жұмыстары

«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы түсіндіру жұмыстары

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы

№ 345 «бойынша Өз құқығыңды біл» акция

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсан түсіндіру жұмыстары

№518-IV

ҚР «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы»

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы заңы бойынша арнайы әлеуметтік қызмет көрсету

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес », туралы түсіндіру жұмыстары

Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI

«Мүмкіндігі шектеулі балалар әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы»

2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайын бақылау

«Кәмелетке толмағандар асындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдыналу туралы» заңды негізге ала отырып профилактикалық жұмыстар жүргізіу

Мектептің өзекті мәселесі :

«Білім беру мазмұнына инновациялық қызметті енгізе отырып, мұғалім шығармашылығын арттыру және сабақ беру сапасын жақсарту»

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі : бәсекелестікке қабілетті, азаматтық, ұлттық, тарихи сана-сезімі жоғары, экономикалық ойлау қабілеті дамыған, жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге шығармашылық мүмкіндіктері бар және өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңе алатын Қазақстан Республикасының патриотын тәрбиелеу.

Тәрбиенің жұмысының міндеттері:

- ✓ ҚР мектеп оқушыларының патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасын пайдалану, азаматтық- патриоттық сананы қалыптастыру, рухани-адамгершілік қасиеттерді жетілдіру, этикалық принциптерді ұстана отырып қазақстандық қоғамның нормалары мен дәстүрлеріне қайшы келмеу;
- ✓ тұлғаның адами және ұлттық құндылықтарды ұстана отырып, қазақ халқының тілін, дәстүрлерін мойындауға, ұстануға жетелеу, полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру мен толерантылықты нығайту, Қазақстан Республикасында өмір сүретін түрлі этностар мен этно топтардың тілін, мәдениетін дәріптеуге үйрету;
- ✓ отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау, ата-аналардың психологиялық, педагогикалық білімін жетілдіру, ата-ананың баланың тұлға ретінде қалыптасына, тәрбиесіне жауаптылығын сезіндіру;
- ✓ еңбек дағдысын қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау дағдысын ұштап, болашақ мамандығын таңдауда жол ашу, экологиялық мәдениетті дамыту, ұжымдық қарым-қатынастың ережесін біліп, өмірде қолдану;
- ✓ мектепте көпмәдениетті ортаны қалыптастыруға ықпал ету, ортақ мәдениет дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және өмірдегі эстетикалық нысандарды қабылдауға, игеруге, бағалауға дайын болуын қамтамсыз ету;
- ✓ дене тәрбиесіне жіті назар аударып, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға ыңғайланған кеңістік орнатып, оқушыны өзінің физикалық және психологиялық денсаулығына нұқсан келтіретін факторларды анықтай білуге үйрету.

Күтілетін нәтижесі :

- ✓ азаматтық-патриоттық сана-сезімі жоғары;
- ✓ рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған;
- ✓ отбасылық құндылықтарды ұстанатын;
- ✓ құқықтық санасы нығайып қалыптасқан;
- ✓ салауатты өмір салтын ұстанатын;
- ✓ Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысатын, халқымыздың бай өмір тәжірибесі негізінде тәрбиеленген, ұлттық менталитетімізді бойына сіңірген ХХІ ғасырдың жеке тұлғасы тәрбиеленеді.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

- 1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
- 4.Отбасы тәрбиесі
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- 7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: : Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық қақарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматтық алыптастыру. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отаным - тағдырым», «Атамекен» бағдарламаларындағы бағытқа лайық іс-шаралар өткізу.*

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттерімен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен дәстүрлерімен келісіледі. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» шағын бағдарламасына сәйкес іс-шаралар қарастырылуы керек.*

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Өлкетану», «Тәрбие және білім», «Рухани Қазына».*

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отбасы әлемі» жобасы негізінде*

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Саналы азамат» базалық бағытты қарастыру.*

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа, эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін талдау	Сынып жет, әдіст отырысы	Сынып жетекшілер	Тамыз
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілері	Жоспарға сәйкес
3	ҚР «Білім туралы» заң түсіндіру жұмыстары «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319	Қажеттілік туындаған жағдай	Мектеп әкімшілігі	Қажеттілікке қарай
4	ҚР «Тіл туралы» заң түсіндіру жұмыстары	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілері	Жоспарға сәйкес
5	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы түсіндіру жұмыстары	Жалпы оқушылар жиналысы хаттама	Сынып жетекшілер	Қыркүйек
6	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «бойынша Өз құқығыңды біл» акция	Ер балалар жиналысы хаттама	Ер балалар ұйымының жетекшісі	Қараша
7	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес », туралы түсіндіру жұмыстары	Анықтама	Адал ұрпақ клубы	Жыл бойы
8	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсан түсіндіру жұмыстары №518-IV	Ата-аналар жиналысы	Шентимирова А.К Сынып жетекшілері	Қазан
9	ҚР «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы»	«Мектепке жол» акция, анықтама	Әйләдірова Н, әлеуметтік педагог	Қажеттілікке қарай
10	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы заңы бойынша арнайы әлеуметтік қызмет көрсету	Рейд , анықтама	ДТЖО, әлеуметтік педагог, психолог	Жылдық жұмыс жоспарына орай
11	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI «Мүмкіндігі шектеулі балалар әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау	Мәлімет	Медбике, әлеуметтік	Мамыр

12	көрсету туралы», «Кәмелетке толмағандарар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдыналу туралы» заңды негізге ала отырып профилактикалық жұмыстар жүргізіу	Оқу жылы аясында	ТЖО,әлеуметтік педагог,психолог	Жыл бойы
----	--	------------------	---------------------------------	----------

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

1	«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» және «Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету» әдістемелік нұсқау хатты таныстыру	Отырыс , хаттама	Такина М–сынып жетекшілер бж	Сынып жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес
2	Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспортын жасау	Әлеуметтік паспорт	Тасқынбаева Б	Қыркүйек

III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру

1	Балалар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу - бағытындағы жұмыстың жоспары	Жұмыс жоспар	Оспагамбетова А.С Булатбаева Ж.С	Жыл бойы
2	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» жұмыс жоспары	Жұмыс жоспар	Булатбаева Ж.С	Жыл бойы
3	«Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмыс жоспары	Жұмыс жоспар	Давлетова Б.М	Жыл бойы
4	«Тәртіп сақшылары» жұмыс жоспары	Жұмыс жоспар	Байниязов Е.А	Жыл бойы
5	1-қыркүйек –Білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, отаншылдық және еңбексүйгіштік» салтанатты жиыны	Жұмыс жоспары	ДТІЖО Шентимирова А.К Булатбаева Ж.С	1-қыркүйек

			Тәлімгер Давлетова Б.М	
4.1	Тәртіп сақшылары құрамын жасақтау	Бұйрық	Оспагамбетова А.С	Тамыз
4.2	Велосипедистердің қауіпсіздік ережелерін жүргізу	Анықтама	Байниязов Е.А	Қазан
4.3	1. Күзгі демалыс кезіндегі жол жүру ережесін сақтауда оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 2. «Жол белгілері» сурет көрмесін ұйымдастыру 3. «Әркімге жолда сырғанау қауіпті екені аяң!» 4. Қысқы қауіпсіздік кезіндегі шараларын түсіндіру	Анықтама	Булатбаева Ж.С Байниязов Е.А Тайпакова Д	Қараша Үнемі Желтоқсан
4.4	Жалпы мектепшілік жиналыстарда жол-көлік оқиғалары және оның алдын-алу туралы ақпарат беру	Анықтама	Аманкелді Қ	Ақпан
4.5	«Тәртіп сақшылары» жұмыс жоспарының орындалуы	Талдау	Булатбаева Ж.С Байниязов Е.А	Мамыр
5	Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушықтың алдын алу бағытындағы жиналыстар 1. «Есірткіге жол жоқ» дөңгелек үстел 2. «Жол жүру ережелерінің ғажайып әлемі» тәрбие сағаты. 3. «5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл күйін анықтау үшін сауалнама	Анықтама Анықтама Анықтама	Булатбаева Ж.С Сынып жетекшілері Мектеп психологтары	Қыркүйек Қазан Қараша
5.1	«Қылмыссыз балалық шақ»/арнайы жоспар/	Анықтама	Шентимирова А.К Давлетова Б.М	Қазан
5.2	«Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тәрбие сағаты «Құқығым бар» эссе байқауы	Анықтама	Сынып жетекшілері Қазақ тілі пәні мұғалімдері	Қараша

5.3	Балалар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алуда – бос уақыттың тиімді ұйымдастырылуы басты назарда! Темір ауданы, Кеңқияқ кенттік полиция бөлімшесімен бірлескен жұмыстар	Хаттама	Булатбаева Ж.С Класс жетекшілері	Жоспарға сәйкес
5.4	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 31 жыл Тұғыры биік-Тәуелсіздік!(сурет байқауы)1-4 сыныптар «Елім,Жерім,Отаным-бақ дәулетім» (тәрбие сағаты)5-7 сыныптар «Тұғыры биік-Тәуелсіздік»(пікірсайыстурнирі)	Іс-шаралар жиынтығы, анықтама	Шентимирова А.К Булатбаева Ж.С Давлетова Б.М Сынып жетекшілері	Желтоқсан
5.5	«Ғасырдың дара перзенті» /Д.А. Қонаев -110 жаста/	Іс-шаралар жоспарының жиынтығы, анықтама	Сынып жетекшілері	Қаңтар
6	«Мектептің өзін-өзі басқаруы» жобасы бойынша «Мектеп президенті -2022» өзін –өзі басқару ұйымы	Мектептің инста парақшасына жүктеу. Анықтама	Шентимирова А.К Давлетова Б.М Класс жетекшілері	Қыркүйек
7	«Ұстаздар күні» дублер күні, 11- сынып	Анықтама	Давлетова Б.М	Қазан
8	«Мектеп көшбасшысынан президентке дейін» жобасы	Анықтама	Давлетова Б.М	Қыркүйек
9	«Балалардың құқықтарын қорғау комитеті» балалар өкілдігі	Анықтама	Давлетова Б.М	Сәуір ✓
10	«Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары	Мәлімет	Тасқынбаева Б	Қыркүйек Қазан
11	«Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспары «Адалдық сағаты» сынып сағаттары	Іс-шаралар жиынтығы, анықтама	Давлетова Б.М Сынып жетекшілері	Қыркүйек, 1 апта
12	«Адалдық дүкенін» жасақтау	Есеп	Давлетова Б.М	Қазан
13	Бала құқығы –адам құқығы. Сурет көрмесі	Анықтама	Даулетова Б.М	Қазан
14	«Тәуелсіз елдің ұрпағы» шығарма жазу	Анықтама	Қазақ тілі пәні	Қазан

			мұғалімдері	
13	«Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» тренинг	Анықтама	Мектеп психологтары	Қараша
14	«Жемқорлықтың тарихи тамыры» тәрбие сағаты 5-7 сыныптар	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қаңтар
15	«Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тәрбие сағаты 1-4 сыныптар	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қаңтар
16	«Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау» тәрбие сағаты 1-4 сыныптар	Анықтама	Сынып жетекшілері	Ақпан ✓
17	«Әлімжеттікке тап болсаң,өзінді қалай ұстауың керек?» (бейнеролик)	Анықтама	Мектеп психологтары	Ақпан ✓
18	«Қоғамға қызмет» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру	Анықтама	Давлетова Б.М	Ақпан ✓
19	«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!» пікірталас	Анықтама	Давлетова Б.М	Наурыз ✓
20	«Құқықбұзушылық және ол үшін жауапкершілік» тренинг 9-11 класс	Анықтама	Мектеп психологтары	Наурыз
21	«Бала еңбегін қанауға 12 күн» /онкүндік/	Анықтама	ДТІЖО Тәлімгер Давлетова Б.М	Мамыр
22	Жылдық жұмыстың қорытындысы	Анықтама	Давлетова Б.М	Мамыр
23	«Мемлекеттік рәміздердің қолдануын насихаттау» ҚР Мемлекеттік рәміздеріне -30 жыл «Менің туым!» «Менің Елтаңбам!» «Мен сүйетін Гимн» сынып сағаттары	Іс-шаралар жиынтығы, анықтама	Сынып жетекшілері	Қазан, 2 апта Ақпан, 1 апта
24	«Қауіпсіз мектеп автобусы» сурет көрмесі	Анықтама	Давлетова Б.М	Қыркүйек
25	Ұланбасы сайлауы-2022	Анықтама	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» БЖҰ, Давлетова Б.М	Қыркүйек
26	«Менің Қазақстаным» сурет байқауы, 2-5 сынып	Анықтама	«Жас Ұлан», «Жас	Қазан

			Қыран» БЖҰ, Давлетова Б.М	
27	«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» пікірталас	Анықтама	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» БЖҰ, Давлетова Б.М	Наурыз
28	«Тәуелсіздік – тірегім, Қазақстан - жүрегім» «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ББҰ-на оқушыларды қабылдау салтанатты жиыны	Анықтама	Давлетова Б.М	Желтоқсан
29	«7-мамыр – Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің құрылған күні» іс-шарасы	Анықтама	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ББҰ, Давлетова Б.М Байниязов Е.А	Мамыр
30	«Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс»(жеңіс күніне арнаған салтанатты шеру)	Анықтама	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ББҰ, Давлетова Б.М Сынып жетекшілер	Мамыр
31	Әскери – патриоттық тәрбие бағыты бойынша атқарлатын іс-шаралар Оқушыларға бастапқы әскери дайындықтың мақсаттық тапсырмасын және мазмұнын түсіндіру (ҚР заңдары)	Анықтама	Әскери – патриоттық тәрбие клубының жетекшісі Байниязов Е.А	Қыркүйек
32	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 31 жыл «Қазақстан Республикасының қазіргі армиясы» бейнефильм көрсету 9-11 сынып	Анықтама	Әскери – патриоттық тәрбие клубының жетекшісі Байниязов Е.А	Қазан
33	«Жас сарбаз» ӘПК –ның пневматикалық мылтық ату чемпионаты	Анықтама	Әскери – патриоттық тәрбие клубының жетекшісі Байниязов Е.А	Қазан Мамыр

34	Азаматтық қорғаныс жаттығулары	Анықтама	Оспагамбетова А.С Әскери – патриоттық тәрбие клубының жетекшісі Байниязов Е.А	Қазан
35	«Қазақстан Тәуелсіздігіне – 31 жыл» мектепшілік іс-шараға қатысу	Анықтама	Әскери – патриоттық тәрбие клубының жетекшісі Байниязов Е.А	Желтоқсан
36	Желтоқсан оқиғасына арналған бейнеүзіктер көрсетілімі, 8-11 сыныптар	Анықтама	Әскери – патриоттық тәрбие клубының жетекшісі Байниязов.Е.А	Желтоқсан
37	Б.Момышұлы –қазақ халқының ұлы әйгілі қолбасышысы/ерлік сабағы/	Анықтама	Әскери – патриоттық тәрбие клубының жетекшісі Байниязов.Е.А	Желтоқсан
38	Ауған соғысының аяқталғанына – 34 жыл. Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу. Спорттық жарыстар	Анықтама	Байниязов Е.А Сұлтанов Қ	Ақпан
39	7-мамыр – Отан қорғаушылар күні «Ер жігіт – ел қорғаны» «Жігіт Сұлтаны -2023» сайысы	Анықтама	Байниязов Е.А Сұлтанов Қ	Мамыр

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

1	«Мектепке жол» «Мектепке жиналуға көмектес	Есеп	Тасқынбаева Б.А	Тамыз
---	--	------	-----------------	-------

	және Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы			Жыл бойы
2	Сыныптардың әлеуметтік жағдайын зерттеу жұмыстары	Әлеуметтік төлқұжат	Тасқынбаева Б.А Сынып жетекшілері	Қыркүйек Қаңтар
3	Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру (оқушының психологиялық мінездемесі, психологиялық жай-күйін басты назарда ұстау)	Анықтама	Мектеп психологтары Сынып жетекшілері	Қыркүйек-маусым
4	«Жас Ұлан», «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы «Қарттарын- ардақтаған ел қадірлі» қарттармен кездесу «1 –қазан –Қарттар күні» қарияларға көмек көрсету	Анықтама	Давлетова Б.М	Қазан
5	«Ұстаз- аты мәңгілік » мерекелік концерт, 11 сынып	Анықтама	Давлетова Б.М	Қазан
6	15-қараша-Ұлттық валюта күні «Теңге-Тәуелсіздік келбеті» тәрбие сағаты	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қараша
7	«Мен жарқын өмірдің болашағымын» тренинг	Анықтама	Мектеп психологтары Сарсенбаева Г Тлегенова А	Қаңтар
8	«Қазақтың ұлттық тағамдары» сайыс	Анықтама	Сынып жетекшілер	Ақпан
9	1-наурыз-Алғыс айту күні «Алғыс-бұл...» тәрбие сағаты	Анықтама	Сынып жетекшілер	Наурыз
10	«Тағдырыңның кілті өз қолыңда!» пікірталас 9-11 сыныптар	Анықтама	ДТЖО Сынып жетекшілер	Мамыр
6	Қыз балалар клубының жұмысы			
7	Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің	Хаттама	ДТЖО	Қыркүйек

	орындалуында қыз балаларға қойылатын талаптар.		Шентимирова А.К Мектеп медбикесі Тайпакова Д Қыздар кеңесінің жетекшісі Қазымова А Мектеп психологтары Сарсенбаева Г Тлегенова А	
8	1.« 11 қазан-Халықаралық қыздар күніне орай қыздарды мерекелерімен құттықтау» 2. «Жас өренге айтарым бар,құлақ сал» /әжелермен кездесу/8-11 сынып	Танымдық сағат	ДТІЖО Шентимирова А.К Мектеп медбикесі Тайпакова Д Қыздар кеңесінің жетекшісі Қазымова А Мектеп психологтары Сарсенбаева Г Тлегенова А	қазан
9	Қыз бала гигиенасы /дәрігермен кездесу/	Дәрігермен әңгімелесу	ДТІЖО Шентимирова А.К Мектеп медбикесі Тайпакова Д Акушер-гинеколог Абдахманова Қ.Қ	Қараша
10	Қыз балалардың тазалығы мен тәртібі,күнделікті сабаққа қатысымы./Мектеп медбикесімен әңгіме/ «Ар-намыс керек қызға»/әңгіме сағаты/	Хаттама	ДТІЖО Шентимирова А.К Мектеп медбикесі Тайпакова Д	Қараша

			Қыздар кеңесінің жетекшісі Қазымова А Мектеп психологтары Сарсенбаева Г Тлегенова А	
11	«Қыздар сұлу көрінеді қылығымен»	(сауалнама жүргізу)	ДТІЖО Шентимирова А.К Мектеп медбикесі Тайпакова Д Қыздар кеңесінің жетекшісі Қазымова А Мектеп психологтары Сарсенбаева Г Тлегенова А Сынып жетекшілер	Қаңтар
12	«Қыз өссе –жердің көркі,ұл өссе елдің көркі»/дөңгелек үстел/ «Бойжеткеннің жыныстық жетілуі»/мектеп медбикесімен әңгіме/	Хаттама	ДТІЖО Шентимирова А.К Мектеп медбикесі Тайпакова Д Қыздар кеңесінің жетекшісі Қазымова А	Қаңтар
13	«Иманды қыз,аяулы ана»/дөңгелек үстел/	Тәрбие сағаты	ДТІЖО Қыздар кеңесінің жетекшісі Сынып жетекшілер	Ақпан
14	«Қызғалдақ-ару,қамқор ана»8-11 класс	сайыс	ДТІЖО	Наурыз

			Қыздар кеңесінің жетекшісі Сынып жетекшілер	
15	Оқуға деген қызығушылығын қалай арттыру керек? «Әйелдің шашы ұзын,ақылы қысқа» /пікірталас/	Хаттама	ДТІЖО Шентимирова А.К Қыздар кеңесінің жетекшісі Қазымова А	Наурыз
16	«ҚЫЗЫМ –ҚЫЗҒАЛДАҒЫМ»	Өнеге сағаты	ДТІЖО Шентимирова А.К Қыздар кеңесінің жетекшісі Қазымова А Мектеп медбикесі	Сәуір
17	«Қызға қырық үйден тыйым»/қыздардың жүріс-тұрысы,көпшілік ортада өзін-өзі ұстауы/	Хаттама	ДТІЖО Шентимирова А.К Қыздар кеңесінің жетекшісі Қазымова А Мектеп медбикесі	Мамыр
15	«Қоғамға қызмет», «Ашық жүрек» волонтерлік қозғалысын жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына «30 қайырымды іс» акциясы	Анықтама	Давлетова Б.М	Жыл бойы
16	«Шексіз мейірімділік» қарттарға көмектесу	Анықтама	Давлетова Б.М	Ай сайын
17	Волонтерлар форумы	Анықтама	Давлетова Б.М	Желтоқсан
18	« Birgemiz . Taza alem сенбіліктер	Анықтама	Давлетова Б.М Сынып жетекшілері	Жыл бойы
19	«Birgemiz . Asil mura» акциясы (тарихи ,	Анықтама	Давлетова Б.М	Мамыр

	мәдени мұра, экскурсия)			
20	«Мейірімділік ошағы» акциясы (күнкөрісі төмен, көп балалы отбасылардан шыққан, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету)	Анықтама	Давлетова Б.М	Жыл бойы
21	«Біз еріктілер қатарындамыз!» челлендж, 8-11 сыныптар	Анықтама	Давлетова Б.М	Ақпан

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау

1	«Тіл – ұлт байлығы» апталық	Іс-шаралар жиынтығы, анықтама	«Адам және қоғам» бірлестігі	Қыркүйек, 2 апта
2	«Дәстүрлі әндер» (Р.Бағланованың 100 жылдығына орай) әндер байқауы	Іс-шаралар жиынтығы, анықтама	Кулиева Д	Қазан 1 апта
3	«Ахмет сөз көсемі» (А.Байтұрсыновтың 110 жылдығына орай) тәрбие сағаты	Іс-шаралар жиынтығы, анықтама	Сынып жетекшілері	Қазан 3 апта
4	«Миллонер» романы (Ғ.Мұстафиннің туғанына 120 жыл) көрме «Ұлттық тәрбие-құндылық бастауы» эссе байқауы	Іс-шаралар жоспарының жиынтығы, анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж Қазақ тілі пәні мұғалімдері	Қараша
5	«Ә.Нұршайықовтың өмірі мен шығармашылығы» көрме	Іс-шаралар жоспарының жиынтығы, анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Желтоқсан
6	«Тоғызқұмалақ ойшылдар мектебі» /спорттық сайыс/	Анықтама	Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері	Қаңтар

7	«Ғасырдың дара перзенті»/Д.А.Қонаев-110 жаста/ тәрбие сағаты	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қаңтар
8	«Туған өлкеңді білесің бе?» /тарихи векторина/	Анықтама	Тарих пәні мұғалімдері	Ақпан
9	«Наурыз – жыл басы!» /мерекелік іс-шара/	Іс-шаралар жоспарының жиынтығы, анықтама	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз
10	«Ұлттық киім-ұрпаққа мұра» сән апталығы	Іс-шаралар жоспарының жиынтығы, анықтама	Тәлімгер	Сәуір
11	Тағдырыңның кілті-өз қолыңда» /пікірталас 9-11 сыныптар/	Анықтама	ДТЖО Сынып жетекшілер	Мамыр

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру

1	1.Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. «Құндылықтарға негіздерген білім беру» бағдарламасы аясында мектепте», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» құру/Арнайы жоспар әзірлеу/ 2.«Отбасы – бақыт мекені» тәрбие сағаты	Іс-шаралар жиынтығы анықтама	ДТЖО Сынып жетекшілер	Қыркүйек Мамыр
2	«Әкем айтқан нақыл сөз...» дөңгелек үстел	анықтама	Жумағалиева А Такина М Бтеналина А Анешова Г	Қазан
3	1.«Әке,ана,мен-спорттық отбасы» /отбасылық турнир/ 2. «Әкеге –ізет,анаға құрмет» /дөңгелек үстел/	Анықтама	Дене тәрбиесі мұғалімдері Қоғамбаева Г	Қараша

4	«Отбасы-алтын дiңгек» дөңгелек үстел	Анықтама	Әлеуметтік педагог	Желтоқсан
5	«Отбасылық таланттар» /отбасылық шығармашылық фестивалі/	Анықтама	Кулиева Д	Қаңтар
6	«Бала-отбасының айнасы» /дөңгелек үстел/ 8-11 сыныптар	Анықтама	Қожанова Г	Ақпан ✓
7	«Анама арнаймын» /акция/ «Атадан –өсиет,анадан қасиет»(тыйым сөздердің мағынасы) зияткерлік ойындар	Анықтама	Тәлімгер Сынып жетекшілер Дебат жетекшісі	Наурыз ✓
8	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» /бейнеролик/ 1-11 сыныптар	Анықтама	Тәлімгер	Сәуір ✓
9	«Әкем,шешем және мен» /отбасылық сайыс/	Анықтама	Тәлімгер Дене тәрбиесі мұғалімдері	Сәуір ✓
10	«Оқырмандар отбасы» байқауы	Анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Мамыр
	«Әкелер кеңесімен» жұмыс	Хаттама	ДТДЖО Әкелер мектебінің мүшелері	Қыркүйек
1	«Әке – отбасының тірегі» кеңес беру сағаты.	Анықтама	ДТДЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қазан
2	«Атқа міну мәдениеті» балаларға арналған	Анықтама	ДТДЖО Е.Байниязов	Қараша
3	«Әкеге қарап ұл өсер...»	Анықтама	ДТДЖО Сынып жетекшілер	Қаңтар
4	«Спорт – біздің отбасымыздың серігі»	Анықтама	ДТДЖО Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Н.Жұбаназарова Ж.Жұбашева	Ақпан ✓
5	«Ұл ұлағаты - әкеден»	Анықтама	ДТДЖО Сынып жетекшілер	Наурыз ✓

6	«Отбасы – ұлағат ұясы» аталар мұрасы	Анықтама	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Сәуір
7	Ұландар шеруі	Анықтама	ДТІЖО Тәлімгер	Мамыр
8	Әкелер кеңесінің отырысы	Хаттама	ДТІЖО Әкелер мектебінің мүшелері	Желтоқсан
9	Мектеп ережесін бұзушы балалармен алдын-алу жұмыстары	Хаттама	ДТІЖО Әкелер мектебінің мүшелері	Уақытында
10	«Аналар кеңесімен» жұмыс			
11	«Мәңгілік ел ананың жүрегінде» ата-аналармен дөңгелек үстел	Анықтама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Қазан
12	«Берік отбасы-берік мемлекет» аналар жиналысы	Хаттама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Қазан
13	«Бақытты ана-бақытты бала-бақытты ел» дөңгелек үстел	анықтама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Қараша
14	«Қыз бала ұлттың ұяты-халықтың шырайы» аналар жиналысы	хаттама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Желтоқсан
15	«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» дөңгелек үстел	анықтама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Қаңтар
16	«Отбасы алтын-дiңгек» дөңгелек үстел	анықтама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Ақпан
17	«Қызғалдақ-ару, қамқор ана» аналар және қыздар сайысы	анықтама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Наурыз
18	«Отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері» аналар жиналысы	хаттама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Наурыз
19	«Қызым-қызғалдағым» өнеге сағаты	анықтама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Сәуір
20	«Отбасындағы қыз бала тәрбиесі» аналар жиналысы	хаттама	ДТІЖО Аналар мектебі төрайымы	Мамыр

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.****«Еңбек елдің мұраты, үнем – қоғам қуаты» жобасынан**

1	«Алтын күз- 2022» жәрмеңке 1-11 сыныптар	Анықтама Есеп	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қыркүйек
2	«Табиғат тамашалары»/сурет байқауы 1-4 сыныптар/	Анықтама	Давлетова Б.М	Қыркүйек
3	«Мен қызығатын әлем» /фотоколладж/	Анықтама	Тәлімгер Сынып жетекшілер	Қыркүйек
3	«Адал еңбек бейнесі» сурет байқауы	Анықтама	Тәлімгер	Қараша
4	«Іскерлік қарым-қатынас этикасы» тәрбие сағаты	Анықтама	Сынып жетекшілері	Желтоқсан
5	«Ер дәулеті еңбек» шеберлік сағат	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қантар
6	«Ізденіс,еңбек,талпыныс-жетістік кілті» /кездесу 9-11 сыныптар/	Анықтама	Сынып жетекшілер	Ақпан
7	Өлкеміздің табиғаты /сурет байқауы/1-4 сыныптар	Анықтама	Тәлімгер	Наурыз
8	«Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?»дебат	Анықтама	Дебат жетекшісі	Сәуір
9	«Менің қалам,менің ауылым» бейнероликтер байқауы	Анықтама	Сынып жетекшілер	Мамыр

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.**

1	«Оқуға құштар мектеп » жобасы Ұраны «Күніне 20 минут кітап оқы !»	Есеп	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Жыл бойы
---	--	------	--	----------

2	ҚР Рәміздерінің 30 жылдығы қарсаңында «Сен туған Қазақстаныңды білесің бе? /Оқырмандар сайысы/»	Анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Қыркүйек
3	Буккросинг «Оқы да ,басқаға қалдыр!»сурет,бейне түсірім байқауы	Анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Қазан
4	Мектепте,үзілісте..»Ақын жазушылардың өлеңдерін оқу» бірыңғай оқу сағаты 2-7 сыныптар	Анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Қараша
5	«Ұлы даланың ұландары»/А.Байтұрсыновтың 150жылдығы/зияткерлік ойыны 5-7сыныптар	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қараша
6	«Әзілхан Нұршайықовтың өмірі мен шығаршылығы» көрме	Анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Желтоқсан
7	«Сөздік біздің көмекшіміз» әңгіме сағаты	Анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Қаңтар
8	«Мамандық таңдау-ертеңді ойлау» дөңгелек үстел	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қаңтар
9	«Кітапханаға алғашқы қадам» 1 сыныптармен кездесу ,кітап оқуға шақыру		Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Қаңтар
10	«Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу сағаттары	Анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Ақпан
11	Оқуды дамыту сағаты «Бейсенбі ертегілері» 1-сынып оқырмандарымен	Анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Ақпан
10	«Кітап-алтын қазынам» эссе байқауы	Анықтама	Қазақ тілі пәні мұғалімдері	Наурыз
12	Қасым Қайсенов 105 жыл буктрейлер	Анықтама	Кітапханашылар Байқан Қ Көздібаева Ж	Сәуір 3 апта

13	«Ұстазға алғыс» бейне блогтар челленджі	Анықтама	Сынып жетекшілер	Мамыр
7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.				
	«Бала және театр» жобасы			
1	«Біз бірдейміз-біз әртүрліміз» мүмкіндігі шектеулі балалармен кездесу	Анықтама	Үйірме жетекшісі Алдамжарова А	Қыркүйек
2	«Балалық шақ мерекесі» театрланған ертегі қойылымы	Анықтама	Үйірме жетекшісі Алдамжарова А	Қазан
3	«Театр отбасында» байқауы»(отбасы мүшелерінің қатысуымен театрланған қойылым)	Анықтама	Үйірме жетекшісі Алдамжарова А	Қараша
4	Театрлық шеберхана (театрлық қойылым байқауы)	Анықтама	ДТІЖО Шентимирова А.К Үйірме жетекшісі Алдамжарова А	желтоқсан
5	«Театр балалар көзімен» үйірме мүшелерінің арасында эссе байқауы	Анықтама	ДТІЖО Шентимирова А.К Үйірме жетекшісі Алдамжарова А	Ақпан
6	«Театр –тәрбие бесігі» халықаралық театр күніне орай іс-шаралар.	Анықтама	ДТІЖО Шентимирова А.К Үйірме жетекшісі Алдамжарова А	Наурыз
7	Ертегілер әлемі/ертегі қойылымдары/	Анықтама	ДТІЖО Шентимирова А.К	Сәуір

			Үйірме жетекшісі Алдамжарова А	
8	«Театр отбасында» байқауы (отбасы мүшелерінің қатысуымен театрланған қойылым)	Анықтама	ДТЖО Шентимирова А.К Үйірме жетекшісі Алдамжарова А	Мамыр
9	Қош келдің, Жаңа жыл!	Анықтама	Давлетова Б.М	Желтоқсан
10	«Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі» дебат	Анықтама	Дебат жетекшісі	Қазан
11	«Қазақстанның дамуы жастар қолында» дебат	Анықтама	Дебат жетекшісі	Желтоқсан
12	«Сапалы білім алу үшін шетелде оқу керек деп есептейді» дебат 10-класс	Анықтама	Дебат жетекшісі	Қаңтар
13	21 ғасыр адамының бойында болуы керек басты қасиетті атайды. 9-класс	Анықтама	Дебат жетекшісі	Ақпан
14	Қазақ хандығындағы «Ұлы ханды» атайды. 8-10 класс	Анықтама	Дебат жетекшісі	Наурыз
15	Қазіргі таңдағы ең мықты мемлекетті көрсетеді. 9-11 кластар	Анықтама	Дебат жетекшісі	Сәуір
16	Қазіргі қазақ жастарына қажетті басты құндылықты атайды. 8-11 кластар	Анықтама	Дебат жетекшісі	Мамыр
17	«Қыс ғажайыптары -2023» сурет салу	Анықтама	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ББҰ, Давлетова Б.М	Қаңтар
18	«Қыс аруы-2023»	Анықтама	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ББҰ, Давлетова Б.М	Қаңтар
19	«1-мамыр – Қазақстан Халқының достығы күні» шеру, мерекелік концерт	Анықтама	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ББҰ, Давлетова Б.М	Мамыр
20	«Сыңғырла, соңғы қоңырау» салтанатты жиыны	Анықтама	Жас Ұлан», «Жас Қыран» ББҰ, Давлетова Б.М	Маусым

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау,

денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

1	«Денсаулық – байлықтан қымбат» денсаулық күніне арналған іс-шаралар «Денсаулық фестивалі-2022»	Анықтама	«Адам және спорт»бірлестігі	Қыркүйек
2	Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қыркүйек
3	«NO SMOKING DAY»шылым шегуге қарсы!	Анықтама	Мектеп медбикесі	Қыркүйек
4	Спорт-денсаулық кепілі	Анықтама	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Қазан
5	Қыздар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі	Анықтама	Қыздар кеңесі жетекшісі Сынып жетекшісі Мектеп медбикесі Тайпакова Д	Қараша
6	«АИТВ» инфекциясының жұғу жолдары	Анықтама	Мектеп медбикесі Тайпакова Д	Қараша
7	«ЖИТС-тің алдын-алу және оған қарсы күрес»	Анықтама	Мектеп медбикесі Тайпакова Д	Желтоқсан
8	Қызықты қыс	Анықтама	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Қаңтар
9	Мен жарқын өмірдің болашағымын	Анықтама	Мектеп психологтары Сарсенбаева Г Тлегенова А	Қаңтар
10	Отбасылық эстафета ойындары	Анықтама	Дене шынықтыру пәні мұғалімі Балмашева А	Ақпан
11	Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмайтын десең...»	Анықтама	Мектеп медбикесі Тайпакова Д	Наурыз
12	Біз өз денсаулығымызға жауаптымыз!	Анықтама	Химия,биология пәні мұғалімдері Естурина А Сергалиева Г	Наурыз
13	Ұлттық ойындар-ұлт қазынасы	Анықтама	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Наурыз

14	7сәуір-Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай « Дені сау ұрпақ-ел болашағы»	Анықтама	Сынып жетекшілер Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Мектеп медбикесі	Сәуір
15	Салауатты өмір салтын ұстанамыз!	Анықтама	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Мамыр